

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

7. Мырзахан Ж. «Тарих қойнауынан». Тарихи очерктер. Алматы. 2004.
8. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.1, – Алматы. 1998.
9. Рычков П.И. Н.П.Рычков «Капитан жазбалары» Астана: Аударма баспасы - 2002.
10. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, Жалын. 1994.
11. Әдеби жәдігерлер. 20 томдық. Захираддин Мұхаммед Бабыр. Алматы 2011. 14 том.

Бабырнама.

12. Жұртбай Т. Түркістан газеті. №23 (653) 18.01.2007
13. Әбубәкір Кердері. «Жолдас болсаң жақсыға мәртебеге жетесің» Ақтөбе-2011.
14. Материалы по истории русско-монгольских отношений: Русско-монгольское отношения. 1607 – 1636: Сборник документов. М., 1959.
15. «Қазақ», 1913ж. №7
16. Ұлы даланың ұлы тарихы. – Алматы: BRK Press, 2019.

ӘОЖ 93/94

XIX ҒАСЫРДАҒЫ СЕМЕЙ ОБЛЫСЫ - ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНДЫҒЫ БАСТЫ ТРАНЗИТТІК ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ

Қожабаев Алмат Ержанұлы

almat-kozhabaev@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі - Мусабалина Г. Т., т.ғ.д., профессор

XVIII ғасырдың басында Ресей мен Қазақстан шекарасындағы патша бекіністерінің бірі ретінде іргесі қаланған, негізгі рөлі Ресей империясының иеліктерін қорғау және жаңадан жаулап алынған аумақтарды ұстау болып табылатын Семей өлкесі уақыт өте келе Ресей мен қазақ даласы, Орта Азия және Шыңжаң арасындағы сауда қатынастарының негізгі нүктесі, қазақ-орыс экономикалық және саяси қатынастарының маңызды орталықтарының біріне айналды.

XIX ғасырда Семей облысындағы сауда оң динамикамен сипатталды. Бұған, ең алдымен, облыстың қолайлы географиялық жағдайы ықпал етті. Ол оны Батыс Қытаймен, Орталық Азиямен, сондай-ақ Томск губерниясының сауда орталықтарымен және Ертіс желісімен байланыстыратын ыңғайлы сауда жолдарында жатты.

Сауда облыстың дамуына айтарлықтай әсер етті, оның көлемі XIX ғасырда өсе берді. XIX ғасырдың 20-жылдардан бастап қалада Орталық Азиядан келген саудагерлер қоныстанып, үйлер мен қоймаларды жалға ала бастады. Тек 1830 жылы Семей қаласында 54 азиялық көпес отбасыларымен қоныстанды [1, 145 б]. Шенеунік Трофимовтың 1839 жылғы арнайы тапсырмаларының есебінде . «О состоянии киргиз, кочующих выше города Семипалатинска» говорилось: «Образ жизни их кочевой, однако тяжел в такой степени, что они с завистью смотрят на удобства и пользу оседлости и быстро к ней стремятся», - делінген. 1839 жылы қала маңындағы көшпелі қазақтардың 61 отбасы қаладағы үйлерінде және сол жағалаудағы слободкаларда тұрды [2, 125 б.].

Қала тұрғындарының көп бөлігі саудамен байланысты болды, сондықтан көпестер қала халқының едәуір пайызын құрады. 1863 жылы Семей қаласының өзінде 2688 саудагер тұрды. Сауда-саттықпен орыстар мен татарлардан басқа қазақтар да айналысты, бірақ олардың саны аз болды. Қазақтардың арасында қомақты капиталға ие саудагерлер де кездесті. Мәселен, Семей тұрғыны Қазақ Тыныбай Кәукенов далада сауда жасап, керекті капитал жинап, қалада үй салып, 1836 жылдан бастап гильдияның 3-дәрежелі саудагерлер қатарына кірді. 50-жылдардың ортасына қарай қалада саудагерлерден басқа Семей қаласында да, облыста да құрылатын өнеркәсіп кәсіпорындарының иелері маңызды рөл атқара бастады [2, 143 б.].

XIX ғасырдың 40-жылдарында қалаға келген А. Янушкевич «қала өнеркәсібі бірнеше былғары зауыттар мен диірмендерден ғана қалыптасқан» - деп жазды [3, 54 б]. Кейінірек қалада былғары, салотопения, сабын және басқа да зауыттар пайда бола бастады, олар

құжаттарда «саны жағынан да, өндіріс көлемі бойынша да шикізаттың молдығына сәйкес келмеді, техникалық тұрғыдан алғанда олар дамудың бастапқы кезеңінде тұрды» -деп көрсетілді [3, 56 б].

1833 жылы коммерциялық кеңесші Попов Омбы облысының шеткі аудандарында кен және алтын «кен орындарын» «орналастыруға» рұқсат алды. 1836 жылы ол Семей рудуты маңында Черемухов балқыту зауытын салды.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар негізінен қаланың солтүстік-батыс бөлігінде салынды. Губернатордың өнеркәсіпті дамыту туралы есебінде «облыста саны жағынан да, сапасы жағынан да ерекше назар аударарлық зауыттар жоқ» делінген. Қазақ өлкесінің Ресейдің экономикалық даму орбитасына тартылуы мал шаруашылығы шикізатын және ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа да өнімдерін өндейтін жаңа зауыттардың құрылысын ынталандырды. 1864 жылы Семей қаласында 23 жұмысшысы бар 4 былғары зауыты жұмыс істеді, ал 70-жылдардың соңында олардың саны 47-ге дейін өсті. Кәсіпорындардың өнімділігі де өсті. Сонымен, Халитовтың сабын шығаратын зауыты жылына кем дегенде 1000 пұт сабын шығарды [1, 204 б].

Жергілікті әкімшілік қала мен облыста қолөнер мен өнеркәсіптің дамуына ықпал ететін өзгерістер енгізді. Өлкенің топырағына, климаттық және басқа да жағдайларына зерттеу жүргізу, қолөнер және басқа да мектептер ашу жоспарланып, кәсіпкерлерге қазынадан жәрдемақылар мен кепілдіктер берілді. Бұл шаралар оң нәтижесін бере бастады.

70-жылдардың аяғы - 80-жылдардың басында Семей облысында өнеркәсіптік кәсіпорындар желісі кеңейіп, олардың өнімділігі артты.

Орталық Азиямен және Шығыстың басқа елдерімен жан-жақты қатынастарды дамытуға мүдделі патша үкіметі сауда қатынастарын нығайтуға ұмтылды. Омбы облыстық бастығына Азия халықтарымен сауда қатынастарын орнату туралы нұсқаулардың бірінде үкімет «Тибетпен және Азияның басқа қалаларымен сауда қатынастарын нығайтуды» қалайтынын және Семей қаласынан әскермен сүйемелденген көпес керуенін жіберуге ниетті екенін айтты. Үкіметтің осы талаптарын орындай отырып, жергілікті шекаралық билік барлық жолдармен тауар айналымын арттыруға, «саудагерлерді керуен жасау үшін тауарларды көптеп дайындауға көндіруге» тырысты. [2, 87 б].

Семей қаласында дамып келе жатқан ішкі сауда түрлі ұлттардың көпестерін көбірек қызықтырды. Тіпті Константинопольден сауда жасау үшін Семей қаласына келген оқиғалар кездеседі. Ресейдің шығысындағы ең ірі сауда орталықтарының бірі ретінде облыстың даңқы өсті. Жыл сайын Семей сауда кедені арқылы сауда жасаған азиялық саудагерлердің саны артты. Олардың кейбіреулері қалада тұрақты тұру үшін қалды.

Патша үкіметі қазақ даласында және одан тыс жерлерде, әсіресе Орталық Азия мен Қытаймен сауданы дамытуға барынша ықпал етті. Керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Жоғарғы Ертіс бекіністерінде және басқа жерлерде әскери бөлімдер, негізінен Сібір әскери күштерінің казактарынан орналастырылды. Керуен жолдарын қорғауға қазақ көшпелі руларының өкілдері сұлтандар, бай, старшындар да тартылды.

80-жылдардың басында облыстың сыртқы саудасы жалпы өткен жылдармен салыстырғанда екі есеге жуық өсті. Негізінен қазақ көшпелі халқымен ішкі сауда да дами берді. Сол жылдардағы дереккөздер көрсеткендей, «жергілікті сауда айналымы Орынбор облысына қарағанда көбірек болды». Жыл сайын Семей облысына басқы облыстардан келген қазақ саудагерлерінің керуендерінің саны артты. Мысалы, 1863 жылы қазақ даласынан 104 мың рубльге жуық тауар әкелінді [1, 198 б].

Әкелінетін тауарлар ресейлік зауыттық өнімдерге айырбасталды және жергілікті тұтыну үшін аз мөлшерде сатып алынды, қалғаны негізінен Алтай тау-кен елді мекендеріне жөнелтілді. Қазақтармен сауданың маңызды бабы кейіннен Сібір мен Ресей қалаларында өткізілген мал болды. Атақты саяхатшы Аткинсон Семей қаласынан сапар шегу кезінде 300 жылқы, 7000 бұқа және 20000-нан астам қой сататын мал өндірушімен кездескенін жазды. Малдың жалпы құны шамамен 100 000 рубльді құрады [1, 195 б].

Қазақ өлкесін капиталистік қатынастар саласына біртіндеп тарту қазақтардың

шаруашылық өміріне, оның ішінде сауда қатынастарын дамытуға белгілі бір өзгерістер енгізді. Жәрмеңкелердің рөлі айтарлықтай өсті. Айырбас аулалары ірі жәрмеңкелерге жол берді. 1855 жылы Семей қаласында екі жәрмеңке ашылды: біреуі 25 мамырдан 10 маусымға дейін, екіншісі 15 қарашадан 1 қаңтарға дейін жұмыс істеді. Ыңғайлы байланыс жолдарының болмауы сауданы қиындатты, сондықтан Семей облысында құрылған көптеген жәрмеңкелер тауар алмасудың үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етілмеді. Ірі сауда фирмалары тек жәрмеңкелерде тауар сатумен шектелмей, қалаларда және басқа елді мекендерде көтерме қоймалар мен дүкендер аша бастады. Ішкі сауда екі нысанда жүзеге асырылды: ақшалай және айырбас. Біріншісі жыл бойы негізінен қалаларға жақын жерде тұратын қазақтар мен шаруалармен жүргізілді. Ал айырбас сауда негізінен көшпелі қазақ халқымен жүргізілді. Айырбас бірлігі – бір жасқа толған қой (тоқты) немесе бір жасар (сек) болды [2, 107 б]

Өнеркәсіптік өндіріспен салыстырғанда Семей көпестерінің сауда айналымы оң нәтиже бере бастады. Бұл Ресейдің орталық провинциялары, континентальды Қытай және Орта Азия хандықтары арасындағы өзара тиімді тауар алмасуға қызығушылық танытатын қала мен облыстың орналасуына байланысты еді. Осының арқасында қала мен облыс халқы арзан өнімдерге қол жеткізе алды.

- * жақсы жылқы 15-20 рубльге дейін тұрды;
- * бұқа немесе сиыр 2-4 рубль;
- * қой 30-40 коп;
- * қара бидай ұны 45-85 коп;
- * бидай 20-80 коп;
- * сұлы 80-95 коп.

Бағаны ыңғайлы қабылдау үшін-осы кезеңдегі адамдардың кейбір санаттарының жалақысы

- * Семей батальонының командирі жылына — 200 рубль алды.
- * дәрігер — 120 рубль;
- * Капитан шені — 133 рубль;
- * қатардағы жауынгер — 5 рубль. 52 коп;
- * кеден бухгалтері — 150 рубль;
- * кеңсе қызметкері — 60 рубль;
- * көшірмеші — 20 руб.;
- * Күзетші-6 руб. құрады [1, 167 б.].

Семей қаласында Бородино алаңында ағаш сауда дүкендері орналасты. Міне, осы базар шетелдік саяхатшылардың біріне қалай әсер етті: «...мұнда біз іздемеген әртүрлі қытайлық әшекейлерді таба алмадық, бірақ Түркістаннан көптеген заттарды кездестіруге болады. «Ташкент базарында» оның аянышты көрінісіне қарамастан, бір-біріне ұқсамайтын заттар, әркімді қызықтыра алатын бұйымдар кездесті. Әртүрлі жібек өрнектерімен кестеленген мен әкелген маталар мен былғарыдан жасалған бұйымдардың бірнеше үлгілері – кафтандар, көрпелер, шапрактар, шалбарлар, әйелдер жемпірі және т.б. Одан кейін ерекше өрнегі бар түпнұсқа жібек маталар мен жүннен жасалған бұйымдар, парсы стиліне ұқсас Бұхара мен Түркістаннан әкелінген кілемдер, жылқыларға арналған ер-тұрмандар мен әшекейлер, маржан түймелері және басқа да көптеген шығыс өнерінің шағын туындыларын атап өткен жөн. Бірақ бұл жерде қант қымбатырақ, оның бір фунты 35 коп тұрады ... » [2, 90 б.].

Жыл сайын Семей облысында саудагерлер саны арта түсті. Ішкі сауданың өсуі нәтижесінде Семей кеденінің айналымы тек 1858 жылы 150 000 рубльді құрады, ал 80-жылдардың басында ол бірнеше миллион рубльге жетті [1, 196 б].

1888 жылғы есеп бойынша Семей облысы бойынша 873 темір ұсталары мен шеберлері, 40 тігінші, 1704 етікші, 650 ер-тұраманшылар мен әбзелшілер, 384 күміс пен мыс өңдейтін ұсталар, 1057 ағаш ұсталары болған [1, 211 б].

Кейбір ірі сауда фирмаларының Семей қаласында филиалдары болды, бұл оларға жыл бойы стационарлық сауда жүргізуге, дүкендер арқылы зауытта өндірілген тауарларды үлкен көлемде сатуға мүмкіндік алды.

90-жылдардың басында Семей облысы ішкі және сыртқы сауданың ірі орталықтарының біріне айналды, онда Ресейден, Орта Азиядан және қазақ даласынан ғана емес, Батыс Қытай мен басқа да елдердің қалаларынан көпестер ағылды, қалалық өнеркәсіп пен ауылдық жерлер арасындағы, сондай-ақ жекелеген елдер арасындағы нарықтық қатынастардағы маңызды байланыстырушы буыны болды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде қалада диірмендердің, былғары-аяқ киімнің, қой терісінің, сабын шығаратын зауыттар, ауылшаруашылық шикізатын алғашқы өңдеу бойынша бірқатар кәсіпорындар құрылды. Алайда қала тұрғындарының басым бөлігі әлі де егіншілікпен және ұсақ саудамен айналысты [2, 102 б.]. Нанды шаруалардан күзде және қыста жергілікті көпестер сатып алып, ірі қоймаларға жинап, кеме қатынастарының ашылуымен Ертістен арқылы Омбыға немесе Тюменьге жіберілді, сол жерден олар Еуропалық Ресейге жөнелтілді. 1900 жылы Семей қаласында 380 мың пұт бидай, шамамен 500 мың пұт бидай ұны және 30 мың пұт сұлы сатып алынды. Семей облысындағы ең ірі нан сатушылар Красильников, Плещеев, Мухин, Хабаров, ағайынды Злоказовтар болды. 1900 жылға қарай қалада 4 салотоп, 6 сабын, 4 былғары зауыты және 1 жүн жуатын орын, сондай-ақ спирт зауыты, сыра қайнату зауыттары, арақ зауыттары және бу диірмендері болды. Облыста болған 43 өнеркәсіптік кәсіпорынның 25-і Семей қаласында болды. Барлық кәсіпорындар жасөспірімдер мен әйелдердің еңбегін пайдаланды [2, 134 б.].

1907 жылға қарай бу диірмендерінде 280 жұмысшы жұмыс істеді және 2 198 986 рубльге 2 014 710 пұт бидай ұны өндірілді. [2, 108 б.]. 1908 жылға қарай жұмысшылар саны 350-ге дейін өсті, ал бидай ұны өндірісі жылына 3 000 000 пұтқа дейін өсті [1, 174 б.].

Тауар айналымының өсуімен қалада банктер мен басқа несиелік мекемелер беретін несиенің капиталистік формалары дами бастады. 1887 жылы Семей қаласында алғаш банк ашылды, оның айналымының қарқынды өсуі қалада және облыста тауар-ақша операцияларының ұлғаюын айқын көрсетті. Семей мемлекеттік банкінің айналымы 19,9 млн. рубльден, 1893 жылы 35 млн. рубльге дейін өсті. Банктің негізгі тұтынушылары буржуазия өкілдері болды. Мал және шикізат саудасының едәуір өсуіне байланысты 1894 жылдан бастап жыл сайын Қоянды жәрмеңкесінде мемлекеттік Банктің филиалы ашылып, оның айналымы қарқынды дами бастады. 1894 жылы ол 1,1 млн рубльді құраса, 1896 жылы - 2,5 млн рубльді құрады [1, 163 б.].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Семей облысы ірі сауда-экономикалық орталығы болып қала берді. Қазақстандық қалалар арасында сауда айналымы бойынша бірінші орындардың бірін иеленді. Сонымен бірге, облыс қазақ даласы, империя аумағына көптеген ішкі аудандары үшін ең ірі тарату орталығы болды, оларды шетелдік тауарлармен және Ресейдің орталық аудандарының зауыт өнімдерімен қамтамасыз етуді тоқтатпады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Торговые связи Семипалатинского Прииртышья (18 - начало 20 в.в.). Сборник документов. Семипалатинск, 2004. 350 с.
2. Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718-1917). Алматы, Олке, 1998. 275 с.
3. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата: Казахстан, 1966. 268 с. 5. Кабо С.М. Города Западной Сибири. Москва: Госиздат, 1949. 220 с.

ӘОЖ 93/94

ИСА ТОҚТЫБАЕВ ХАҚЫНДА

Қуандықов Серғазы Шамшидинұлы

Kuanfikov.sergazy@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Н. Сайлаубаева

Тарихы терең қазақ халқының маңызды тұлғалар мен оқиғаларға толы болуы еліміздің